



КӘСІПТЕР ТІЗІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Астана – 2026

I. Жалпы ережелер

1. Кәсіптер тізілімін қалыптастыру, жаңарту және жүргізу жөніндегі осы Әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) мынадай актілерге сәйкес кәсіптер тізілімін қалыптастыру және жүргізу әдістемесін қамтиды:

1) Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 4 шілдедегі № 14-VIII ҚРЗ «Кәсіптік біліктілік туралы» Заңы;

2) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 қыркүйектегі № 399 «Кәсіптер тізілімін қалыптастыру, жаңарту және жүргізу қағидаларын айқындау туралы» бұйрығы.

2. Осы Әдістемелік ұсынымдарда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) кәсіп – жеке адам жүзеге асыратын және орындалуы үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;

2) кәсіптер тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) – кәсіптік біліктілікті тану жүзеге асырылатын кәсіптер бойынша электрондық нысанда жүйеленген ақпарат жиынтығы;

3) кәсіптік біліктілігін тануға үміткер кандидат (бұдан әрі – кандидат) – өзінің кәсіптік біліктілігін тану үшін ерікті түрде, өз бетінше немесе жұмыс берушінің жолдамасы бойынша жүгінген жеке тұлға;

4) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

5) кәсіптік біліктілікті тану – кандидаттың кәсіптік стандарттардың талаптарына, ал олар болмаған кезде біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау және ол туралы шешім қабылдау рәсімі;

6) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде кәсіптік біліктілікті тану бойынша басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат – кандидаттың кәсіптік біліктілігінің белгілі бір кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындауға қойылатын талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

8) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес (бұдан әрі – салалық кеңес) – тиісті салаларда (аяда) кәсіптік біліктіліктерді дамыту жөніндегі мәселелерді үйлестіру мақсатында салалық мемлекеттік орган жанынан құрылатын консультативтік-кеңесші орган;

9) Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес – Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау, үйлестіру мақсатымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан құрылатын консультациялық-кеңесші орган;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық қызметтер жіктеушісі (бұдан әрі – ҰҚЖ) – Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын кәсіптердің атауларын көрсететін және оларды орындалатын жұмыстардың түріне сәйкес дағды деңгейі мен оған мамандану бойынша сыныптайтын стандарттау жөніндегі құжат;

11) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) – ҰҚЖ, ұлттық біліктілік шеңбері негізінде әзірленетін және маманның орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және салада пайдаланылатын білімдердің, машық пен құзыреттердің сипатына қарай деңгейлер бойынша біліктілігіне қойылатын талаптарды сыныптайтын құжат;

12) салалық мемлекеттік органдар – мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

13) Ұлттық біліктілік жүйесі (бұдан әрі – ҰБЖ) – біліктілікке еңбек нарығы тарапынан сұранысты және біліктілікке білім беру, оның ішінде информалды білім беру жүйесі тарапынан ұсынысты реттеу мен келісудің құқықтық және институционалдық құралдары мен тетіктерінің кешені;

14) ҰБЖ цифрлық платформасы (бұдан әрі – цифрлық платформа) – Заңның 6-бабының 1-тармағында көзделген және «career.enbek.kz» домендік атаудағы ақпаратты қамтитын

«Электрондық еңбек биржасы» жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық платформасының порталы;

15) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – ҰБШ) – әрбір біліктілік деңгейі үшін кәсіптік қызметтің және білім деңгейінің жалпы сипаттамаларын сипаттайтын құжат.

2. Тізілімді қалыптастырудың, жаңартудың және жүргізудің мақсаты жеке және заңды тұлғаларды кәсіптік біліктіліктерді міндетті және ерікті негізде тану жүзеге асырылатын кәсіптер туралы толық және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.¹

3. Тізілімнің құрылымы мынадай құрауыштарды қамтиды:

1) ҰҚЖ сәйкес кәсіптің атауы;

2) ҰҚЖ сәйкес коды;

3) нормативтік құқықтық актінің атауы (міндетті негізде) / кәсіптік стандарттың немесе біліктілік талаптарының атауы (ерікті негізде);

4) ҰБШ және СБШ сәйкес біліктілік деңгейі (бірнеше деңгей болған жағдайда, кәсіп деңгейі санына сәйкес келесі жолда (жолдарда) қайта көрсетіледі);

5) кәсіптік біліктілікті тануды өткен қорытынды бойынша алынатын құжаттың қолданылу мерзімі;

6) салалық мемлекеттік органның атауы;

7) кәсіп бейіні (т – техникалық бейін, әг – әлеуметтік-гуманитарлық бейін).

Кәсіпті Тізілімге енгізу кезінде бекітілген кәсіптік стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген) біліктілік талаптарының болуы қажет екенін ескеру қажет.²

II. Тізілімді қалыптастыру, жаңарту және жүргізу тәртібі

4. Кәсіптер тізілімін қалыптастыру, жаңарту және жүргізу уәкілетті орган тарапынан ҰБЖ цифрлық платформасында жүзеге асырылады.

5. Тізілімді қалыптастыру процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

Бірінші кезең. Жұмыс берушілер бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) ҚР «Кәсіптік біліктілік туралы» Заңының 14-бабының 1) тармақшасына сәйкес *(жыл бойы)* кәсіптерді Тізілімге енгізу бойынша ұсыныстарды салалық мемлекеттік органдарға (салалық министрліктерге) жібереді.³

Салалық органдар жұмыс берушілер бірлестіктерінің (қауымдастықтарының, одақтарының) кәсіптерді Тізілімге енгізу жөніндегі ұсыныстарын алғаннан кейін оларды белгіленген құрылымға сәйкестігі тұрғысынан қарайды (нысаны 1-қосымшада келтірілген). Салалық мемлекеттік органдар кәсіптерді Тізілімге енгізу жөніндегі ұсыныстарды пысықтау бойынша ұсынымдар болған жағдайда оларды жұмыс берушілер бірлестіктеріне (қауымдастықтарына, одақтарына) жібереді. Кәсіптерді Тізілімге енгізу жөніндегі ұсыныстар жұмыс берушілер бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) тарапынан пысықталады және қайтадан салалық мемлекеттік органдарға жіберіледі.

Екінші кезең. Салалық органдар жұмыс берушілер бірлестіктерінің (қауымдастықтарының, одақтарының) кәсіптерді Тізілімге енгізу жөніндегі дайын (пысықталған) ұсыныстарын жинайды және салалық органның жылына екі рет ұсыныстар

¹ «Кәсіптік біліктілік туралы» Заңда көрсетілгендей, белгілі бір кәсіп түрін жүзеге асыруға үміткер адамдарға қатысты кәсіптік қызметті жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылатын реттеу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайда, кәсіптік біліктілікті міндетті негізде тану көрсетілген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескертпе. Кәсіптік біліктілікті міндетті негізде тану лицензиялау, аттестаттау, сертификаттау, жеке тұлғалар қызметінің басталғаны туралы хабардар ету, тестілеу, біліктілік емтихандарын өткізу арқылы және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де тәсілдермен жүргізіледі.

² Кәсіптік біліктілікті тану – кандидаттың кәсіптік стандарттардың талаптарына, ал олар болмаған кезде – біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау және ол туралы шешім қабылдау рәсімі.

³ Жұмыс берушілер бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) Қазақстан Республикасының «Кәсіптік біліктілік туралы» Заңында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген тәртіппен, оның ішінде Тізілімді әзірлеуге (қалыптастыруға) немесе жаңартуға қатысу арқылы салалық мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

қалыптастырады, бұл жұмысты салалық кеңестің отырысына ұсыныстар енгізу және оларды келісу үшін уақыт қажет болғандықтан 20 қаңтардан және 20 тамыздан кешіктірмей жүргізу ұсынылады.⁴

Ұсыныстарды әзірлеу кезінде (және оларды салалық кеңеске ұсынуға дейін) салалық органдар мынадай өлшемшарттарды ескереді:

1) халықтың денсаулығымен, тіршілігін қамтамасыз етуімен және қауіпсіздігімен байланысты қызмет түрінің сипаты;⁵

2) кәсіптің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы, оның ішінде ағымдағы және болашақ кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, кәсіптік біліктіліктерді тануға еңбек нарығының қажеттілігін қалыптастыру нәтижелері бойынша.

3) бекітілген кәсіптік стандарттарда, ал олар болмаған жағдайда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген қолданыстағы біліктілік талаптарында кәсіптің болуы.

Кәсіптік біліктіліктерді тану міндетті негізде жүзеге асырылатын кәсіптерді енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу кезінде салалық мемлекеттік органдар, белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыруға үміткер тұлғаларға қатысты көрсетілген нормативтік құқықтық актілермен кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін міндетті шарт болып табылатын реттеу ерекшеліктері белгіленген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды ескереді. Қағидаларда бекітілген осы тармақ салалық мемлекеттік органдардың (мысалы, Денсаулық сақтау министрлігі және т.б.) кәсіптік біліктілікті тану міндетті болатын кәсіптерді Кәсіптер тізіліміне енгізу туралы ұсыныстарды қалай дайындауы тиіс екенін реттейді.

Яғни, біліктілікті тану міндетті болатын кәсіпті Тізілімге енгізу жөнінде ұсыныс дайындау кезінде салалық мемлекеттік органдар ҚР заңнамасының қолданыстағы талаптарын ескеруге міндетті. Атап айтқанда, егер осы кәсіп (немесе қызмет түрі) үшін жұмысқа рұқсат берудің міндетті шарты болатын реттеу ерекшеліктері (арнайы жағдайлар) бұрыннан белгіленген болса, бұл ерекшеліктерді назарға алу қажет.

Ұсыныстарды қалыптастырғаннан кейін салалық мемлекеттік органдар жылына екі рет, 1 ақпан мен 1 қыркүйектен кешіктірмей, (тиісті салалардағы) салалық кеңестермен келіседі және Тізілімді қалыптастыру немесе жаңарту үшін уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді.

Үшінші кезең. Уәкілетті орган салалық органдардың ұсыныстарын мәліметтердің толықтығына және екінші кезеңде көрсетілген өлшемшарттарға сәйкестігіне, сондай-ақ Тізілімнің белгіленген құрылымына (нысанына) сәйкестігіне қарай қарайды.

Уәкілетті органның ескертулері болған жағдайда, ұсыныстар оларды алған күннен кейін екі жұмыс күні ішінде салалық органдар тарапынан пысықталады.

Төртінші кезең. Уәкілетті орган салалық органдардың ұсыныстары негізінде Тізілім жобасын қалыптастырады немесе өзектендіреді және оны 1 сәуірден және 1 қарашадан кешіктірмей Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің қарауына енгізеді.

Уәкілетті орган Тізілім жобасын енгізгеннен кейін, Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес оны қалыптастыру және (немесе) жаңарту жөнінде ұсынымдар береді.

Бесінші кезең. Уәкілетті орган Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің ұсынымдары негізінде, олар берілген күннен кейін он жұмыс күні ішінде Тізілімді белгіленген құрылым (нысан) бойынша қалыптастырады (өзектендіреді), орналастырады және ҰБЖ⁶ цифрлық платформасында жүргізеді.⁷

⁴ Салалық органдар салалық кеңестермен келісу бойынша 1 ақпан мен 1 қыркүйектен кешіктірмей Тізілімді қалыптастыру және жаңарту үшін уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді.

⁵ кәсіптік біліктіліктерді тану міндетті негізде жүзеге асырылатын кәсіптерді енгізу жөніндегі ұсыныстарға қолданылмайды.

⁶ Career Enbek цифрлық платформасы, Кәсіптер тізіліміне сілтеме: <https://career.enbek.kz/ru/pages/register-professions?basisFilter=%D0%94>

⁷ Кәсіптер тізілімін қалыптастыру, жаңарту және жүргізу қағидаларына қосымшаға сәйкес.

Кәсіптер тізілімі ҰБЖ цифрлық платформасында орналастырылған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде баспасөз релизін (Кәсіптер тізілімін қалыптастыру немесе жаңарту туралы) жариялайды.

III. Тізілімді толтырудың сатылы алгоритмі

Тізілім екі мағыналық бөлікке бөлінгенін ескеру қажет: біліктілікті тану міндетті болатын кәсіптер және ерікті негізде тану жүзеге асырылатын кәсіптер үшін.

«Міндетті негізде тану» бөлімін толтыру ерекшеліктері

Осы бөлімге Қазақстан Республикасының заңнамасында біліктілікті тану (қызметпен айналысу құқығын растауды білдіреді) міндетті болатыны тікелей белгіленген кәсіптер ғана енгізіледі. Мысалдар:

ҰҚЖ сәйкес код	ҰҚЖ сәйкес кәсіптің атауы	Нормативтік құқықтық актінің атауы (міндетті негізде)
2214-8-001 2214-8-004 2214-8-003 2214-8-002	Акушерлік және гинекология саласындағы дәрігер	Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен бейіндемелер номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы.
2171-2	Кеме капитандары	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамы тұлғаларын дипломдау және аттестаттау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 355 бұйрығы.
3122-4-001	Аспаптар мен электр жабдығы бойынша авиациялық механик	Авиация персоналының куәліктерін беру және қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 766 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілердің атауы (міндетті негізде)» бағанында міндеттілікті енгізетін заң немесе өзге де НҚА міндетті түрде көрсетіледі.

«Ерікті негізде тану» бөлімін толтыру ерекшеліктері

Бұл бөлімге біліктілікті тану қызметкердің немесе жұмыс берушінің қалауы бойынша (біліктілікті растау, мансаптық өсу, мамандар тізіліміне енгізу үшін) жүргізілетін барлық басқа кәсіптер енгізіледі.

ҰҚЖ сәйкес код	ҰҚЖ сәйкес кәсіптің атауы	Кәсіптік стандарттың* немесе біліктілік талаптарының атауы
7212-1-008	Дәнекерлеуші	F43123020 «Дәнекерлеу жұмыстары»
2641-2-002	Сценарист	J59120042 «Телевизиялық бағдарламаларды жасау

		және тарату жөніндегі қызмет»
2163-1-012	Көркем-модельер	R90020108 «Киім дизайнері»

**Ескертпе: цифрлық платформада осы кәсіптік стандартқа немесе біліктілік талаптарын қамтитын құжатқа сілтеме көрсетіледі.*

«Кәсіптік стандарттардың немесе біліктілік талаптарының атауы» бағанында кәсіптік стандартқа (болған жағдайда) немесе біліктілік талаптарына (кәсіптік стандарт болмаған жағдайда) сілтеме көрсетіледі.

Жалпы алғанда Тізілім 8 мән қамтиды. Олар кестелік нысанда, жол бойынша толтырылады, бір кәсіп (немесе кәсіп ішіндегі бір біліктілік деңгейі) - бір жол.

Тізілімді толтыру алгоритмі мынадай логикалық қадамдарды көздейді:

1) Кәсіптің міндетті немесе ерікті тануға жататынын анықтау.

Айырмашылықты ажыратудың негізгі өлшемшарты - осы кәсіп бойынша жұмыс істеу тек біліктілікті растаудың міндетті рәсімінен (аттестаттаудан, лицензиялаудан, сертификаттаудан және т.б.) кейін мүмкін болуы қолданыстағы нормативтік-құқықтық нормалармен белгіленгені. Яғни, жұмыс істеу үшін дипломның болуы жеткіліксіз - реттеуші мемлекеттік органда аттестаттаудан, лицензиялаудан өту немесе біліктілік емтиханын тапсыру қажет – бұл міндетті тану болып табылады.

2) ҰҚЖ-дағы атауы мен кодын көрсету

Осы кәсіпке сәйкес келетін ҰҚЖ-дағы занятие атауы көрсетіледі, тиісті кәсіптік стандарттың деректері пайдаланылады.

3) Негізді табу: НҚА (міндетті үшін) немесе кәсіптік стандарт / біліктілік талаптары (ерікті үшін).

4) ҰБШ (және болған жағдайда СБШ) бойынша біліктілік деңгейін белгілеу – СБШ бойынша бірнеше деңгей немесе кіші деңгей көзделген жағдайда – деректер жол бойынша толтырылады.

5) Кәсіптік біліктілікті тану туралы құжаттың қолданылу мерзімін көрсету - тиісті салалық кеңеспен келісу бойынша белгіленеді.

6) Салалық мемлекеттік органның атауын жазу

7) Бейінді таңдау: бейіннің әріптік белгіленуі «Т» – техникалық, «ӘГ» – әлеуметтік-гуманитарлық.

Кәсіптер тізілімі

P/c	ҰҚЖ сәйкес кәсіптің атауы	ҰҚЖ сәйкес код	Нормативтік құқықтық актінің атауы (міндетті негізде) / кәсіптік стандарттың немесе біліктілік талаптарының атауы (ерікті негізде)	ҰБШ және СБШ сәйкес біліктілік деңгейі (бірнеше деңгей болған жағдайда, кәсіп деңгейі санына сәйкес келесі жолда (жолдарда) қайта көрсетіледі)	Кәсіптік біліктілікті танудан өту қорытындылары бойынша алынатын құжаттың қолданылу мерзімі	Салалық мемлекеттік органның атауы	Кәсіп бейіні (т – техникалық бейін, әг – әлеуметтік-гуманитарлық бейін)
1	2	3	4	5	6	7	8
Міндетті негізде жүзеге асырылатын кәсіптік біліктілікті тану							
....	Радиология саласындағы дәрігер	2213-3-002	Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен бейіндемелер номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы.	7	5 жыл	Денсаулық сақтау министрлігі	ӘГ
....	Адвокат	2611-2-001	Адвокаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы	6	мерзімсіз	Әділет министрлігі	ӘГ

			Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 61 бұйрығы.				
....	Тікұшақ ұшқышы	2172-9-002	Авиация персоналының куәліктерін беру және қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 762 бұйрығы	5	1 жыл	ҚР КМ	Т
...							
Ерікті негізде жүзеге асырылатын кәсіптік біліктілікті тану							
14	Телеоператор	3521-2-008	Операторлар (түрлері бойынша)	6	3 жыл	ҚР АҚМ	Т
....	Техник (жалпы бейін)	3112-1-002	Өнеркәсіптегі машиналар мен жабдықты пайдалану	4	3 жыл	ҚР ӨҮМ	Т
....	Сценарист	2641-2-002	Телевизиялық бағдарламаларды жасау және тарату жөніндегі қызмет	6	3 жыл	ҚР АҚМ	ӘГ
...							

***Тізілім нысанын толтыру жөніндегі ескертпелер**

№	Тізілім тармақтарының атауы	Ескертпелер
1	ҰҚЖ бойынша кәсіптің атауы	ҰҚЖ Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын занятие атауларын көрсететінін және оларды орындалатын жұмыстардың түріне сәйкес деңгейі мен мамандануы бойынша жіктейтінін ескеру қажет. Мысалы, «Техник-механик (жалпы бейін)»
2	ҰҚЖ бойынша код	ҰҚЖ коды 8-ші белгіге дейін көрсетіледі, мысалы, «Техник-механик (жалпы бейін)» үшін код - 3115-1-016 ҰҚЖ кодтық белгілеуінің құрылымы мынадай түрге ие XXXX-X, мұндағы: XXXX-X – Негізгі топ; XXXX-X – Кіші топ; XXXX-X – Шағын топ; XXXX-X – Бастапқы топ; XXXX-X – Қызметтер тобы. Әрі қарай ҰҚЖ-нің бес деңгейлі кодтау жүйесі үш белгісі бар алтыншы деңгеймен толықтырылады (XXXX-X- XXX) – алтыншы деңгей занятие топтарына кіретін занятиелердің еңбек нарығында қандай нақты атаулары болуы мүмкін екенінің мысалдарын көрсетеді. ҰҚЖ-те кәсіп коды болмаған жағдайда "0" саны көрсетіледі;
3	ҰБШ және СБШ-ге сәйкес біліктілік деңгейі	Кәсіптік стандарт бойынша, ал кәсіптік стандарт болмаған жағдайда – біліктілік талаптары негізінде салалық кеңес тарапынан көрсетіледі.
4	Кәсіптік біліктілікті тануды өткен қорытынды бойынша алынатын құжаттың қолданылу мерзімі	Кәсіптік біліктілікті тану туралы құжаттың қолданылу мерзімі тиісті салалық кеңеспен келісу бойынша белгіленеді.
5	Салалық мемлекеттік органның атауы	Тізілімді қалыптастыру немесе жаңарту жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті органға енгізетін салалық органның атауы көрсетіледі